

## «БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің  
басшысының міндетін атқарушы

Б.Самылтыров \_\_\_\_\_  
«31» наурыз 2026 ж.



### «Digital Ұрпақ – Адал Ұрпақ» қашықтықтан өткізілетін әлеуметтік бейнероликтер мен графикалық жобалар байқауының ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Digital Ұрпақ – Адал Ұрпақ» (бұдан әрі – Байқау) байқауын қашықтықтан (онлайн) өткізу тәртібін, мақсатын және талаптарын айқындайды.

1.2. Байқау жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен парасаттылық құндылықтарын цифрлық шығармашылық арқылы насихаттау мақсатында өткізіледі.

#### 2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімділік пен құқықтық сауаттылықты қалыптастыру;
- Цифрлық технологиялар мен медиа құралдарды әлеуметтік пайдалы мақсаттарда қолдануды ынталандыру;
- Жастардың азаматтық ұстанымын айқындау және шығармашылық әлеуетін қолдау.

#### 3. Байқауды өткізу форматы мен қатысушылар

3.1. Байқау толығымен қашықтықтан (онлайн) форматында өткізіледі.

3.2. Қатысушылар: Жалпы орта білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары мен қосымша білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері.

3.3. Қатысу түрі: Жеке авторлық немесе шығармашылық топ (3 адамнан аспайтын).

#### 4. Байқау номинациялары және техникалық талаптар

№1 Номинация: «Адалдық – адамдық белгісі» (Үздік әлеуметтік бейнеролик)

- Мазмұны: Адалдық, әділдік, парасаттылық тақырыбындағы сюжеттік бейнероликтер немесе анимациялар.
- Техникалық сипаттамасы:
  - Ұзақтығы: 60-90 секунд.

- Форматы: MP4, MOV (Full HD 1920x1080 немесе 1080x1920).
- Жолдау тәртібі: Электронды поштаға файл ретінде немесе Google Drive/YouTube сілтемесі арқылы.

## №2 Номинация: «Цифрлық әлемдегі әділдік» (Үздік графикалық жоба)

- Мазмұны: Цифрлық иллюстрациялар, инфографикалар, әлеуметтік плакаттар немесе комикстер.
- **Техникалық сипаттамасы:**
  - Форматы: JPG, PNG, PDF.
  - Сапасы: 300 dpi-ден төмен емес (баспаға шығаруға жарамды).
  - Орындалуы: Кез келген графикалық редакторда (Photoshop, Canva, Illustrator және т.б.).

## 5. Жұмыстарды қабылдау тәртібі

5.1. Жұмыстар 2026 жылғы «24» сәуірге дейін (қоса алғанда) қабылданады.

5.2. Қатысушылар келесі құжаттарды [abb2005@mail.ru](mailto:abb2005@mail.ru) поштасына бір хатпен жолдауы тиіс:

- Толтырылған өтінім формасы (1-қосымша);
- Байқау жұмысы (немесе жүктеуге арналған сілтеме).

5.3. Хаттың тақырыбында «Digital\_Уғрақ\_Мектеп» деп көрсетілуі міндетті.

## 6. Бағалау критерийлері

- Тақырыптың өзектілігі мен идеяның бірегейлігі;
- Тәрбиелік мәні және әлеуметтік маңызы;
- Техникалық орындалу сапасы (монтаж, түс, дыбыс, графика);
- Креативтілік пен заманауи тәсілдерді қолдану.

## 7. Марапаттау

7.1. Жеңімпаздарды қазылар алқасы әр номинация бойынша жеке анықтайды.

7.2. Жүлделер:

- I, II, III орын иегерлері Білім бөлімінің Дипломдарымен марапатталады.
- Үздік жұмыстарға «Шығармашылық ізденіс» немесе «Үздік цифрлық шешім» номинациялары берілуі мүмкін.

7.3. Қашықтан марапаттау: Дипломдар мен «Қатысушы сертификаттары» электронды форматта білім бөлімінің сайтына жүктеледі.

7.4. Нәтижелер Білім бөлімінің ресми сайтында жарияланады.

**«Digital Ұрпақ – Адал Ұрпақ» байқауына 1-ҚОСЫМША (Өтінім формасы)**

1	Автордың аты-жөні	
2	Мектебі	
3	Сыныбы	
4	Номинациясы	
5	Жұмыстың атауы	
6	Жетекшісі (мұғалім)	
7	Байланыс телефоны (WhatsApp)	